

Егемен Қазақстан

 **Егемен.kz**

Достық дастаны



Н.Назарбаев Қарметкомбинат басқармасындағы достарымен, 15.06.1991 ж.

Тәуелсіз мемлекетіміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өмір жолына зер сала қарасаңыз, оның қастерлі ұстанымына айналған қасиет аз емес екендігін аңғарар едіңіз. Солардың бірегейі – достықты айрықша ардақтау. Президент туралы «Елбасының алтын бесігі» атты кітап жазған танымал журналист, Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты Айтбай Сәулебектің мақаласында Елбасы өміріндегі достыққа қатысты үш үзік сыр оқырман назарына ұсынылып отыр.

1. ҮШҚОҢЫРДАҒЫ ҰШҚЫН

«Иә, біреулер ойлайтын шығар, мені аспаннан салбырап жерге түсе қалды деп. Президент болғаныммен, бүйрегім жерге бұрып тұрады. Мен көрген тіршілік әлі өзгере қойған жоқ. Сондықтан, өмірді көріп өскенімді жасыра алмаймын. Сиырды да бұзаулаттық, биенің құлындауын да көрдік. Менімен бірге өскендердің балалығы мен жастығы екі қолдың күшімен өткен жоқ па?».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ. («Ғасырлар тоғысында» кітабынан)

Нұрсұлтан Әбішұлының мектепте жүргенде-ақ достық деген ұлы сезімнің қадір-қасиетіне жете білгеніне бір мысал келтірелік.

1957 жылдың күзінде Сұлтан бастаған алты ұл мен бір қыз Шамалғандағы Фурманов атындағы қазақ-орыс мектебінен Қаскелеңдегі Абай атындағы орта мектепке ауысып, соңғы класты оқуға барады. Себеп – бір класта жетіақ оқушының қалғандығы.

Абай атындағы мектеп директоры оқушылардың кеш келгендігін, интернатқа жататын балаларға бюджеттен қаржы бөлініп қойғандығын, сондықтан оларды интернатқа қабылдай алмайтындығын қынжыла ескертеді. Шынында бұл шамалғандықтардың күтпеген проблемасы. Жолдастарының қатты қиналғандығын көрген Сұлтан:

– Достар, қамықпаңдар, Құдай мені сендермен бірге неге оқытты дейсіңдер. Мен сендердің интернатқа жатуларыңа көмектесем, – дейді жымыып.

– Әй, мынаны қараңдар, – дейді ішінен біреуі ренжіп, – бізге жақсылық жасамақшы. Сонда өзің қайда жатып оқисың? Мұнда әкеңнің үйі бар ма еді?

– Барма, жоқ па, оны не қыласыңдар? Біздің Әбекең «Интернатта жатып оқымайсың. Онда жөнді білім ала алмайсың» деп баласының жатып оқитын жайлы үйін әзірлеп те қойған, – деп ел естімеген жаңалықтың шетін шығарады Сұлтан.

– Біздің әкейлерге ондай ақылды Құдай жазбаған ғой, – деп күрсінеді бірі әзіл-шыны аралас.

Қойшы, сонымен Сұлтан достарын ертіп, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасарына барады. Осылай да осылай деп жағдайды баяндайды. Бастық дереу телефонға жармасады. «Балаларды далаға қалдыру деген не сұмдық? Жеті оқушыны орналастыра алмау деген не масқара?» дейді ашуланып.

– Алты бала деп айтыңыз, – дейді осы сәт Сұлтан тақ етіп.

– Түсінсем бұйырмасын. Сендер өзі жетеу емессіңдер ме?

– Жетеуіміз ғой. Бірақ, мен интернатта жатып оқымаймын, – дейді Сұлтан.

– Неге? Кім айтты? Орналастырамыз. Алты бала сыйған жерге жетіншісі де сыяды!

Төрағаның орынбасары таңдана қарайды.

– Әкем айтты: «Интернатта жатып оқыған оқу болмайды» деп.

– Сенің атың кім еді? Нұрсұлтан Назарбаев па? Кімнің баласысың? Елден шыққан ерекше кімсің, соншама?

– Әбіштің баласымын! Әбіш Назарбайдың, Назарбай Егембайдың, Егембай Мырзатайдың, Мырзатай Айдардың, Айдар Көшектің...

– Тоқтата ғой. Сен Қарасай батырдың ұрпағы екенсің ғой! Әкең жөнінде ел аузындағы жақсы пікірлерді естігем, – деп ауаткомның екінші басшысы қарқынын бәсеңдетеді.

Ертеңіне Сұлтанның алты досы интернатқа орналасады. Айтқандай қандай келісім жасасқанын кім білсін, Әбіш баласы Сұлтанды жеке үйге орналастырып, оқуына бар жағдай жасап береді.

Біз жүздескен сыныптастар мектептің соңғы жылында Сұлтанның елде болмаған бір жаңалық ашқандығын баса көрсетті.

«Ол былай, – дейді олар, – әдетте оқушылар мемлекеттік сынақтарға төртінші тоқсанның алдында дайындала бастайтын. Сұлтан бұл үрдісті бұзды. Алғашқы каникулдан оралғанымызда әзірлікке кірісетіндігімізді ескертті. Мұнысына бір жағынан таңғалдық. Себебі, дайындықты мұғалімдер жүргізетін. Амал не, оның бастамасына көнуімізге тура келді.

Мектепте оқушылар көп болғандықтан класс жетпей қала беруші еді. Сұлтан дайындықты кешкісін өткізіп тұруды ұсынды. Шынымызды айтар болсақ, «ұсынды» дегеніміз болмаса, ол бізге пайдалы істердің бәрін өзі шешетін. Саяси тілмен жеткізер болсақ, ол сол кезде-ақ біздің көшбасшымызға айналған-ды.

Әрбір пән бойынша озат оқушылар алдын ала дайындалып, қалған оқушыларға сабақ ретінде түсіндіріп беріп отырды. Жастайынан өзінің қарақан басын ойламай, айналасындағы адамдардың қамын жеген Сұлтан достарына адал, ақылды болды.

Ол ол ма, төртінші тоқсанның алдында дайындық дегеніңіз пікір алысу түрінде өткізіліп жатты. Бұл да Сұлтанның енгізген жаңалығы. Нәтижесінде кластағы 42 оқушы мектепті жақсы деген бағамен бітіріп шықтық».

Нұрсұлтан Әбішұлы 10-шы класта жүргенде «Оның қуанышы» атты тұңғыш мақаласын аудандық газетке шығарады. Кейіпкері – сыныптасы Әуесхан Әжібаев екен.

«Не жайында жазды дейсіз бе? – деп бастады сөзін Әукең, – Менің үздік оқитынымды, әкеме көмектесетінімді, алғаш рет дауыс беруге қатысатынымды айтты.

Мен Сұлтанмен бірінші кластан бірге оқыдым. Оныншыға көшкенімізде 6 ұл, 1 қыз қалдық. Содан Қаскелеңге ауыстырды бізді.

Досымның бала кезінде қалыптасқан бір қасиеті бар. Жолдастарын ешқашанда қиындықта қалдырмайтын. Қаскелеңде интернатқа орналастырды бізді. Оныншы класта бір партада отырдық».

«Ерғали Төлепбаев деген бірге оқыған досымыз бар еді, – деді бізге Сайлаубек Қыдырәлиев аға. – Өзі жетім жігіттің. Ол Нұрсұлтанмен бірге Днепродзержинскиге барып, кран машинисі деген мамандық алды. Теміртауда екеуі бірге жұмыс істеді. Ауылға келгенде Нұрсұлтанның адамгершілік істерін, қабілетінің зор, білікті, іскер екендігін, басқа да қызықты жағдаяттарды жырдай ғып айтатын.

Ол кезде Магниткаға келген өзге ұлт қыздары көп болыпты. Ерғали орыс қызына үйленді. Тимур, Артур деген қос ұл берді Құдай. Амал не, өмірмен ерте қоштасты. Нұрсұлтан сол сәтте Қарағанды обкомының екінші хатшысы. Елден жерлеуге қатысуға барған ағайындар аузынан суы құрып, сыныптас досымыз Сұлтанды мақтап келді. Ерғалиды жерлеу рәсімін өзі ұйымдастырыпты.

Елбасы туған жеріне атбасын бұрған сайын бізді – сыныптастарды жүздесуге шақырады. Айтқан әңгімелері көңілімізді шаттыққа бөлейді. Кәдімгідей рахаттанып, бір жасарып қаламыз. Әр кез қоштасып тұрып: «О, Алла! Жаратқаныңа шүкір. Нұрсұлтанмен дос еткеніңе мың да бір рахмет. Досымыздың денін сау ете гөр. Абыройын асқақтата гөр. Ел-жұртымен бірге бақытты ете гөр!» деп іштей тілеп, қимастықпен шығарып саламыз».

2. ЖЫРАҚ ЖЕРДЕГІ ЖАРАСТЫҚ

«№8 ТУ менің негізімді қалаған оқу орны. Осында оқыған жылдарымды қашанда мақтанышпен есіме алып, жүрегімде сақтаймын. Қазір қандай болып қалыптассам, дәл осы жерде демен сондай болып қалыптаса бастадым».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

(1994 жылы Днепродзержинск училищесінің құрметті қонақтар кітабына қалдырған қолтаңбасынан).

Елбасының өзі айтып жүргендей, Днепродзержинскінің өмірінен алар орны ерекше. Жас жігіт жырақ жерде өзіне өмірлік достар тапты. Еңбекпен шыңдалды. Кәсіби мамандық игерді. Азамат боп қалыптасты. Нағыз достықтың қандай болатындығын сезінді. Ұлттық сана-сезімі, намысы қыр қызғалдағындай құлпырып, бүр жарды. Қазақтың төл өнерін украиндықтарға достарымен бірігіп көрсете білді. Қазақ деген ұлттың ешкімнен кем еместігін айрықша дәлелдеді!

Елбасымыз өзінің «Әділеттің ақ жолы» кітабында сондайлық ілтипатпен атаған украин досы Николай Литошкамен 2007 жылы Днепродзержинскіге Қарағанды облысы делегациясының құрамында барғанымызда кездесудің сәті түсті.

«Өз тағдырыма ырзамын, – деген еді ол. – Әуелі Нұрсұлтан досыма тәнтімін. Менің бақытты болуыма осы бір қазақ азаматы көмектесті. Егер ол болмағанда... Әрине, көптің бірі болып жүре берер ме едім?»

Нұрсұлтанның біздің отбасымыздың бір мүшесі боп кеткендігін өз аузынан естідіңіздер ғой. Анам марқұм оны өз ұлындай жақсы көретін. Оған шексіз көңілмен сенетін. Маған «Осы досыңды ренжітпе. Ол саған пана болады» деп жиі ескертетін. Мен бұл сөзге мән бермейтінмін. Алыстан мамандық үйрену үшін ат арылтып жеткен қазақ жігітінің келешекте маған қалай пана болатынына миым жетпейтін.

Нұрсұлтан екеуімізді спорт достастырды. Бірақ, мен оны балуан ретінде бағалаппын да, өнерлі жан екендігін білмеппін. Сенесіз бе, Нұрсұлтан Әбішұлы училищеде оқып жүргенде украиндықтарға қазақтың әнін тыңдатты. Өнерін көрсетті. Жастар арасындағы концерт өз алдына, ол Днепродзержинск теледидары арқылы қазақ жастарының ішінен өнерпаздарын тандап, жергілікті халыққа рухани ләззат сыйлаттырды. Мен сол кезде домбыра дегенді бірінші рет көрдім. Нұрсұлтанның әншілігіне куә болдым. Мен ғана емес, менің жерлестерім оның өз ұлты үшін, өз халқы үшін жаратылғандығын сезіндік.

Сонау 1958 жылы Нұрсұлтан Әбішұлы Днепр жеріне Қазақстанның болашағын ешкімнен кем қылмаймын деп патриоттық сезіммен барғанда достық пейілімен қол созған, туысқаннан да артық бауыр боп кеткен украин жігітінің өмір бойы қазақ досымен жұп жазбағандығы жастарымызға ұлағатты тағылым болса керек.

Кобзарьдың күміс үнімен,
Таныспын бала күнімнен.
Шыңдаған сол бір шақтарды,
Еске алам жылы...
Бүгін мен.
Днепр дария толықсып,
Құшағын жайды...
Сол ыстық.
Ұстаз бар,
Жолдас,
Басқа да,
Жақсы жандар жолықты.
Кәсіптің біліп қыр-сырын,
Тірліктің ұғып тылсымын.
Болашаққа алып жолдама,
Қанатты қақтым құлшынып,
Төріңе шығып.
Дәм таттым.
Жаныма жақын ән таптым.
...Еске алып ерен күндерді,
Сағыныш сазын самғаттым.

Бұл – Нұрсұлтан Назарбаевтың «Днепрдегі достарға» деген өлеңі. Сағынған сәтте кеудесінен жыр боп төгілгендігін аңғару қиын емес.

Жігіт Нұрсұлтанның украин жерінде жерлестеріне қамқор болғандығын сол елдегі ұстаздары да, достары да үнемі еске алып отырады. Назарбаевтың орыс тіліне жетіктігі, ұйымдастырушылық қабілетінің жоғарылығы, еңбекке деген ынталылығы, металлург мамандығына құштарлығы қазақ жігіттерінің намысын қамшылағандай серпін берген. Қазақстаннан барған алпыс жеті жастың небәрі бесеуінің ғана елге ерте оралғандығы біздің сөзімізге дәлел. Украинада Тұңғыш Президентпен бірге оқығандар – Қабидолла Сарекенов, Сатыбалды Ибрагимов, Мақсұт Нәрікбаев, Алтынбек Асанов, Рахметулла Жанарбаев, Әсетолла Кәрімов, Алтай Сәлімов, Исмаил Оразбай, Марат Қыстаубаев, Аманали Әбдіраманов, марқұмдар Әбілаш Әбуов, Досмат Ырысметов, т.б. еліміздің дамуына, тәуелсіздікке қол жеткізуіне үлес қосты. Елбасының салиқалы саясатын барынша қолдады. Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге, еңбекке баулуға өзіндік пайдаларын тигізді.

Олар ұлттық намысымызды байрақ етіп желбіретіп, құндылықтарымызды қастерлеп, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығарып, бірліктің, достықтың керемет үлгісін көрсетті. Өз өмірлерін ұлтының жарқын болашағына арнады.

3. ТЕМІРТАУДАҒЫ ТЕКТІЛІК

«Мен Магнитканың тарихын, Теміртаудың тарихын, ондағы адамдардың тағдырын өз тағдырымнан бөлек қарай алмаймын. Азамат ретіндегі алтын бесігім Теміртау дейтінім сондықтан».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

(Журналист Сауытбек Абдрахмановпен сұхбат кітабының «Теміртау – алтын бесік» тарауынан).

Металлург болу қиын. Сондықтан оны «отты мамандық» деп атаған. Днепродзержинскіде оқыған 67 жастың жиырмашақтысының, Магнитогорскіде Төлеген Адам-Юсуповпен оқыған соншама жастың сегізінің ғана өз мамандығын игергендігі қаны сорғалаған шындық.

Нұрсұлтан Әбішұлы мыңдаған градус ыстық болса да домнаға шыдады. Шыңдалды. Мұндай азамат саусақпен санарлықтай ғана. Ол өзінің келешекте Қазақстанның көшбасшысы болатындығын Теміртауда жүргенде айқын дәлелдеген. Комбинаттың партком хатшысы боп сайланған соң Кремльге барып, ондағы аюдай ақырған Суслов, Долгих тәрізді КОКП Орталық Комитетінің хатшыларынан сескенбей, Магнитка мен қала тағдырын құрып кетуден арашалап қалғандығы ұлттық тарихымызға алтын әріппен өшпестей боп жазылған ақиқат!

«Бір жәйтке таңғалам, – деді бізге қалпарткомда бірге қызмет еткен Нина Тимофеевна Вахитова. – Елбасы ешқашанда өзін аяған емес. Мемлекеттік қызмет жолында бәрін істеп жатыр. Оның еңбекқорлығы жастарға ғана емес, барша жұртқа өнеге деп білем.

Билесіз бе, теміртаулықтар Мемлекет басшысына неге әбден сенеді? Өйткені, олар Нұрсұлтан Назарбаевтың қандай тұлға екендігін, оның жұмысты қалай істейтіндігін, халықтың жағдайын назарынан тыс қалдырмайтындығын жақсы біледі.

Бір ғана мысал. Бір кездері Теміртаудың ахуалы нашарлап кетіп еді, Елбасы өзінің шәкірті, теміртаулық Серік Нығметұлы Ахметовті әкім етіп тағайындап, жағдайды түзеп қана қоймады, республикадағы өндірісі озық, ажарлы һәм көрікті қалаға айналдырды».

Украинада Нұрағамен бірге оқып келгендердің ішінен Сатыбалды Ибрагимов, Қабидолла Сарекенов (екеуі Президентпен Теміртауда да бір бөлмеде тұрған), Николай Литошко, Алтынбек Асанов, Рахметулла Жанарбаев, жаңа қалада танысқан достары Төлеутай Сүлейменов, Кеңес Жалмұханбетов, СтринжаВиктор Матвеевич, Нехорошев

Владимир Анфианович, Төлеген Адам-Юсупов, Жақсылық Әскеев, Қуаныш Омашев, Ермек Төлеубаев, Владимир Федорович Колбаса, Тоқтархан Ысқақов, Жаныс Арысов, Әділ Үсеев, Олжабай Иманбаев, Ілияс Баймұрзаев, Олег Николаевич Сосковец, т.б. Назарбаевтың үнемі жанында болып, игі істеріне қолдау көрсеткендер. Назарбаев та оларға қарыздар боп қалған жоқ. Металлург кезінен бастап көмектесіп келеді. Достарының көбі «Егер Сұлтанның «Біз елді ойламасақ, кім ойлайды? Металлург мамандығы қаншалықты азап болса да шыдайық. Өз елімізді өзіміз дамытайық» деген тоқтау сөзі болмаса, біздер сол кездері басқалар тәрізді ауылға қайтып кеткен болар едік» деп ағынан жарылады.

Оларды тыңдап отырсаңыз, Елбасымыздың сол бір жалынды шақтың өзінде тектілік танытқандығына, елі мен жері үшін шырыл қаққандығына тәнті болар едіңіз.

«Нұрсұлтан домнада құрыштай шынығып шықты, – деді бізбен жолыққанда Социалистік Еңбек Ері, атақты металлург Төлеген Адам-Юсупов. – Ол қиындықтан қорықпады. Әлі күнге дейін таудай жүкті арқалап келеді. Патриот деген осы!

Елбасымыз 60-жылдардың өзінде ұлттық намысы жоғары жалынды жас еді. Мүмкін, сыртта жүріп, көп ой түйді ме екен, көпшілік отырған жерде «Намысты қолдан бермеу керек!» деп жиі ескертетін. Енді ұғындық қой, Нұрсұлтан сол кезде-ақ ел билейтін қасиетін байқатқан екен-ау».

Сол сәттердің өзінде Нұрағаның шапағатына бөленген, жақсылығын көрген кісілер Теміртау мен Қарағандыда көптеп саналады. Оның мейірімділігі, дарқандығы, достыққа адалдығы турасында ел ішіне тараған әңгіме баршылық.

Нұрсұлтан Әбішұлы 1980-жылдардың ортасында жазықсыз жапа шегіп, Мәскеудің түрмесіне қамалып, сотталған, Қарағанды облыстық жолаушылар көлігі басқармасының бастығы Қадырбек Мейрамбековтің ақталуына көмектесіп қана қоймады, елге оралған соң Алматыға алып, емдетті.

Елбасының жас күнінен ерекше қасиеті – адамдарды ұлтына қарап бөлектеген емес. Жақсы азамат болса, достаса береді. Комбинатта жүргенінде Володя деген жүргізушісі бар еді. Соған қалдырған қысқаша хатына назар аударалықшы.

«Қымбатты Володя!

Мен саған бара алмадым. Жазыларсың деп үміттенемін. Сергек бол. Мен Қарағанды дәрігерлері сені қарасын дедім. Егер қажет болса Алматыға алып кетемін.

Бористің (Нұрағаның досы – А.С.) бейітінде болдым.

Бар жақсылықты тілеймін. Нұрсұлтан. 25.XII.1992 ж».

«Міне, біз білетін Нұрсұлтан Әбішұлы осындай азамат. Сондықтан оған әрдайым денсаулық тілеп, көп болып қолдап, жарқын болашаққа қарай бірге қадам баса берейік», – дейді оның Теміртаудағы достары.

Белгілі қоғам қайраткері, ғалым Әбдеш Қалмырзаев Елбасы туралы жазғандардың бәрі айта бермейтін шындықты былайша жайып салыпты:

«Орталық Қазақстанның азаматтары оны біздің ауылдың баласы емес деп шеттеткен жоқ. Нұрсұлтанды Арқаның ұл-қыздары қатты қадірледі, олар оны өздеріне жетекші етіп сайлады. Қыздары жүрек сезімдерін аяған жоқ. Жүрген ортасының серісі, лидері болды. Өршіл, өнерлі, жігерлі, қайратты, мейірбан жігіт жұрт көзіне ерте ілікті. Оны жақын туыстары, беделді жерлестері қолынан жетектеп апарып, мансап орынтағына отырғыза салған жоқ. Бәріне ол өз еңбегімен, өз талабымен, өз парасатымен жетті.

Назарбаев саяси басшы ретінде, қоғам қайраткері ретінде, ұлт азаматы ретінде Орталық Қазақстанда қалыптасты. Ол осында жүріп өз махаббатын тапты. Қыздары осында дүниеге келіп, мектепке барды.

Болат пышақ қап түбінде жатсын ба? Қырыққа жетпей Назарбаев Алматыға партияның Орталық Комитетінің хатшысы болып оралды. Қарапайым ауыл баласы есейіп, ер жетіп, ақыл тоқтатып, ел ағасы болып, ақбоз атқа мініп туған жері Жетісуға – сүйікті қаласы Алматыға оралды».

ТҮЙІНСӨЗ

Бір шындық бар, ол – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзін ғана емес, тұтастай тәуелсіз Қазақстан мемлекетін адамзатқа дос етіп жарқырата көрсеткендігі. Бұрын біздің елімізді әлем халықтары білуші ме еді? Ресей дейтін. Қазақтарды орыс дейтін. Ал қазір ше? «Қазақстан» дейді. «Қазақтар» дейді. «Президенті Назарбаев» дейді. Мақтаныш емес пе? Тек өз елінің табысы мен жақсылығына қуанбайтындар ғана күндейтін болар. Қызғанатын болар.

«Мен өз халқымды сүйемін, – деп жазды «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында Мемлекет басшысы. – Оның мені бала кезімнен сабыр мен парасатқа бөлегенін мақтаныш тұтамын. Бейбіт тәсілдерге ғана жүгініп, шиеленіс пен кикілжіңнің ережелеріне мойынсынғым келмейтіндігі де сондықтан. Қанша қиындық көрсе де абзалдығы мен сабырлылығын, басқа халықтарға деген сыйлаушылығын сақтай білген халықты, қазіргідей қиыр-шиыр тарихи кезеңде өзім ажырамас бөлшегіне айналып отырған асыл жұртымды, ХХІ ғасыр табалдырығынан аттап, өз талабын тағы бір сынап көргелі отырған тәуекелшіл ұлтымды қалайша мақтан етпеспін. Қалайша бас имеспін».

Шүкір, бүгінде Қазақстанда ешкім ешкімді ұлтқа бөліп жатқан жоқ. Керісінше, Мемлекет басшысы айтқандай, «Тұтас мемлекет болайық, дос, туыс, бауыр болайық!» деп жатыр.

Бұл – Тұңғыш Президентіміздің сара жолы. Салиқалы саясаты.

Лайым, солай болғай!

Достық дастаны жалғаса береді.

Айтбай СӘУЛЕБЕК